



Марқакөл Таңы

№ 20 (70) Сәрсенбі
13 мамыр 2026 жыл

Марқакөл ауданының қоғамдық - саяси газеті

9 МАМЫР – ҰДЫ ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс рухы – мәңгі жүректе

Аудан әкімі Р. Кемешев соғыс ардагері, III дәрежелі «Даңқ» ордені мен I дәрежелі «Отан соғысы» орденінің кавалері. Сондай-ақ, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және Жуков медальдарымен марапатталған Павел Еремеевичті жеңіс күнімен құттықтап қайтты!

Майдангердің өмір жолы – тұтас бір дәуір мен ерліктің, төзімділіктің және Отанға қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі екені ақиқат.

Павел Еремеевич әскер қатарына 1943 жылы, небәрі 17 жасында шақырылды. 1944 жылы ол 3-ші Беларусь майданына жіберіліп, 1945 жылы Кенигсбергті шабуылдауға және азат етуге қатысты. Ардагердің жауынгерлік жолы оның батырлығы мен жеке ерлігінің белгісі ретінде жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілген.

Айта кету керек, биыл ғасыр жасаған қаһарман - Павел Стрехо 100 жасқа толды. 23 ақпанда Шығыс Қазақстанның мақтанышы, соғыс ардагері Павел Еремеевич Стрехо өзінің ғасырлық мерейтойын атап өтті. Жүз жасаған қарияның өмір жолы – кейінгі ұрпақ үшін нағыз ерлік пен қайсарлықтың айқын көрінісі.

Павел Еремеевич 1926 жылы дүниеге келіп, небәрі 17 жасында, 1943 жылы сұрапыл соғыс жүріп

жатқан майдан даласына аттанды. Оның жауынгерлік жолы 3-ші Беларусь фронтынан басталып, қиян-кескі ұрыстарды бастан өткере отырып 1945 жылғы тарихи Кенигсберг шабуылымен жалғасқанын білеміз. Қан майданның қақ ортасында жүріп, ол тек жаумен ғана емес, тағдырдың қиын сынақтарымен де бетпе-бет келді.

Ардагердің кеудесінде жарқыраған орден-медальдар оның әрбір қадамының батырлыққа толы болғанын айғақтайды. III дәрежелі «Даңқ» ордені және I дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» және «Жапонияны жеңгені үшін» медальдары соның куәсі.

Павел Еремеевич – Батыс пен Шығыстағы соғыстың екеуін де көріп, Жеңіс туын желбіреткен санаулы қаһармандардың бірі. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де ол ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп, өңірдің дамуына елеулі үлес қосты. Марқакөл өңірінің тумасы, соғыс ардагері қазір Глубокое ауданы, Веселовка ауылында тұрады.

Ғасыр жасаған Павел Еремеевич Стрехоның өмірі – Отанды сүюдің, төзімділіктің және адамгершіліктің ең биік шыңы деп білеміз. Батырдың ерлігі ел жадында мәңгі сақталады!

Валентина Свириденко



Ерлікке тағзым – ұрпаққа тағылым

Жеңістің 81 жылдық мерекесін марқакөлдіктермен бірге қанды қырғынның көзі тірі куәгерлері – тыл ардагерлері де қарсы алды. Зұлмат жылдың сұм естелігі көңілге қаяу түсірсе де, ардагерлерге қарап рухани күш ала-сың. Иә, уақыт өмір көшімен ілесіп, тоқтамайды. Өкініштісі, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің арамыздан сирегені. Әрине, олар ұмытылмайды. Ер есімі қашан да ел есінде!



Мерекелік шараның шымылдығы «Ерлігі – ел есінде» монументінің жанына гүл шоқтарын қою рәсімімен ашылды. Жиналған жұртшылық сұрапыл соғыс даласынан қайтпаған боздақтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Кеудесі орден-медальға толған, жүздерінен сабыр мен парасат ескен ардагерлеріміз – сол жылдардың тірі куәгерлері. Олардың әрбір әжімінде тарихтың таңбасы, әрбір сөзінде бейбітшіліктің қадірі жатыр.

- Бұл мереке – бүгінгі бейбіт заманға өлшеусіз үлес қосқан ардагерлер мейрамы. Біздің батыр бабаларымыз бізге ашық аспан сыйлау үшін жастық шағын құрбан етті. Олардың ерлігі – бүгінгі ұрпақ үшін асыл қазына», - деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары Әсел Қайырбекова.

Расында, ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Бұл күн бізге бейбіт күннің қаншалықты қымбат екенін тағы бір мәрте еске салды. Майданға аттанған боздақтардың сағыныш әндері мен жеңіс күннің ескі әндері айтылып, алаңда жеңіс күні тойланып жатса да, көңілде мұң бар. Неге?! Соғыс – күйретуші күш, талай жасты қыршынынан қиды. Жау қолынан

жұлып берген, батырларымыз аманаттаған бейбіт өмірдің ізін бүгінде біздер жалғастырып келеміз. «Соғыс деген суық хабар жер-жаһанды шарлағанда, біздің жыл санауымыз бойынша Жылан жылы кірген екен... Жылан жылы басталған сол сұрапыл, әр шаңыраққа уын шашып, атпал азаматтарды майданға аттандырды. Ауылда тек қариялар, етегі жасқа толған аналар мен бұғанасы қатпаған біз секілді балалар қалдық. Біз қалай шыдадық? Күн мен түннің айырмасы болмады. Қолымызға күрек тисе – жер шұқыдық, орақ тисе – астық ордық. Қарнымыз аш болса да, «бәрі майдан үшін» деген жалғыз ұран бізге қуат берді. Майдандағы ағаларымызға жолдаған әрбір жылы киіміміз, әрбір пұт бидайымыз Жеңісті бір елі жақындататынына көміл сендік. Бір үзім қара нанды бөліп жеп, біреудің қайғысын бәріміз бірге көтердік. Сұм соғыстың зобалаңы бізді ерте есейтті, жүрегімізді тастан да қатты, мақтадан да жұмсақ қылды» - деп өткен күнді еске алды тыл ардагері Мәрзия Садықова.



Айтулы мерекеге орай аудан көлемінде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, Ұлы Жеңістің оңайлықпен келмегені насихатталды. Мектептер мен мәдени ұжымдарда кездесу кештері мен мерекелік концерттер өтті. Бұл қорытынды шараға барлық ұжымдар атсалысып, тақырыпқа сай мерекелік әндер шырқалды. Ауданға сыйлы ақсақалдар мен тыл ардагерлері мерекемен құттықтап, жас ұрпаққа жарқын болашақ тіледі. Әсерілер сап түзеіп, отан үшін от кешкен батырларға құрмет көрсетіп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Майдангерлердің өшпес даңқы мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Жеңіс күнін жақындатқан тыл еңбеккерлерінің үлесі тарих сахнасынан әлі талай ұлықталары сөзсіз. Кешегі батырлардың рухы – біздің Тәуелсіздігіміздің болаттай берік қорғаны. Аспанымыз ашық, Жеңіс сыйлаған бейбіт күніміз баянды болғай!

Өз тілшіміз



Марқаның құрыш білек ерлері



Марқакөл - топырағында тер төгіп, ел ырысын еселеген айбынды ерлерімен де еңселі. Өткен ғасырдың сонау бір қиын-қыстау кезеңдерінде, соғыстан кейінгі ел еңсесін тіктеу жылдарында қарапайым шопан таяғы мен жылқышы құрығын серік еткен ағаларымыз нағыз еңбек майданының қаһармандарына айналды. Олардың әрқайсысының өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа үлгі, ертеңгі күнге өнеге.

Қой шаруашылығының майталманы – Досым Асанов



1892 жылы Шеңгелді ауылында дүниеге келген Досым Асанов – еңбекпен шыңдалған тұлға. Оның балалық шағы 10 жасынан бастап қара жұмыспен өтіп, ширек ғасыр бойы Алқабек кен орнында ағаш дайындау жұмысында тер төкті. Алайда, оның даңқы мал шаруашылығында асып, «Куйбышев» колхозында шопан болып жүргенде жарқырады.

Досым атамыз қазақтың жергілікті қойының өнімі аз деген жаңсақ түсінікті іспен жоққа шығарды. 10-18 жас аралығында әртүрлі жұмыстар атқарды. Ширек ғасыр Алқабек кен орнына (Шығыс Қазақстан) ағаш дайындау және кен орны басқарамасында жұмыс істеді. 1935-1958 жылдары Куйбыш колхозында шопан болды, 1957 жылы бұл колхоз Марқакөл қой шаруашылығы болып қайта құрылды. Д. Асанов қой күтіміне ерекше қарап, жыл сайын төл алуда жоғары көрсеткішке қол жеткізді. 1945 жылы қой санын өсіруде жоспардағы міндетін асыра орындады. 1947 жылы 517 қойдан әр жүз қойға 125 қозыдан 648 қозы өсірді.

Досым Асановқа қой шаруашылығын дамытуда қол жеткізген биік жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі

Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Атақты шопан кейінгі жылдары әр қойдан 115-130 қозы алып, жан аямай еңбек етті.

Д. Асанов қылшық жүнді қой өсірумен бірге, биязы жүнді қой шаруашылығын да дамытты. Озат шопан әр қойдан 3,5 кг. дейін жүн қырықты. Мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткізген жетістіктері үшін көптеген марапаттар иеленді. Д. Асанов көші-қон жағдайында, елді-мекеннен шалғайда жүріп те қоғамдық жұмыстарға атсалысып, бірнеше рет аудандық және ауылдық Кеңес депутаты болып сайланды. Қызыл Жұлдыз (1945), Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды (1958). Озат шопан 1992 жылы қайтыс болды.

Жүйрік баққан жылқышы – Шәріп Дәуітпаев



Орловка (қазіргі Шанағаты) ауылының тумасы Шәріп Дәуітпаев 1924 жылы дүние есігін ашты. Оның «Пограничник» колхозындағы бақташылық еңбегі – адалдықтың үлгісі. 1945-1947 жылдар аралығында ол бірде-бір құлын шығынын жібермей, 114 биеден 114 құлын алу арқылы 100 пайыздық нәтиже көрсетті. Бұл – сол кездегі мал шаруашылығы үшін нағыз ерлікпен тең еді. 1948 жылы 24 жасында Еңбек Ері атанған Шәріп атамыз қысқа, бірақ мазмұнды ғұмыр кешіп, 1953 жылы дүниеден озды.

Ғабдолла Әбілдаев – қара жердің қасиетін ұғып, ауыл шаруашылығын өркендетуге бар ғұмырын арнаған жан. Оның еңбек жолы – қажырлылық пен табандылықтың жарқын үлгісі. Егінжайдың әр сабағына, төрт түліктің әр тұяғына жанашырлықпен қерен еңбегі: Ол өндірістің тиімділігін арттырып, шаруашылықты басқарудың озық үлгілерін енгізді. Мемлекет алдындағы жоғары жауапкершілігі мен төккен терінің өтеуі ретінде оған сол кездегі ең биік мәртебе – Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Шәкір Нұртаев – Марқакөл ауданының мал шаруашылығын дамытуға зор үлес қосқан еңбеккер, Социалистік Еңбек Ерінің атағына ие болған. Ол – мал шаруашылығының қыр-сырын жетік меңгерген, табиғатпен тіл табыса білген бірегей тұлға. Оның қажырлы қайратының арқасында Марқакөл өңірінің мал шаруашылығы жаңа белеске көтерілді. Бұл еңбегі ескерусіз қалмай, оған да «Социалистік Еңбек Ерінің» алтын жұлдызы бұйырды.

Шәріп Дәуітбаев – 1924 жылы Орловка (қазіргі Шанағаты) ауылында дүние есігін ашқан. Еңбек жолын «Пограничник» колхозында бақташы болып бастады. Шәріп атамыздың жылқы бағудағы шеберлігі мен жанкештілігі аңызға бергісіз нәтижелер әкелді: 1945 жылы 36 биеден 36 құлын, 1946 жылы 53 биеден 53 құлын, 1947 жылы 114 биеден 114 құлын алып, шаруашылықта 100 пайыздық көрсеткішті бағындырды.

Осындай асқан жауапкершілік пен төккен тердің өтеуі ретінде, 1948 жылы оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Небәрі 29 жасында, 1953 жылы өмірден өтсе де, Шәріп Дәуітбаевтың еңбекқорлығы мен туған жерге деген адалдығы Марқакөл жұртының жадында мәңгі сақталады. Бұл – аз ғұмырын ерен еңбекке арнаған ердің шынайы тарихы.

Есімі Алтын кітапқа енген ер – Біләл Керейбаев

1928 жылы Тақыр ауылында туған Біләл



Керейбаев еңбек жолын небәрі 12 жасында бастады. «Свобода» колхозында шопанның көмекшісі болып жүріп, мал бағудың қыр-сырын жетік меңгерді. Оның 1960-жылдардағы көрсеткіштері таңдай қақтырады: әр 100 қойдан 144 қозыға дейін алып, мемлекетке 30 мың тоннадан астам сапалы жүн өткізді. 1966 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған Біләлдің есімі Қазақ КСР-інің Құрметті «Алтын кітабына» алтын еріптермен жазылды.

Біләл Керейбаев қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Шығыс Қазақстан аудкомы және Марқакөл ауданы райкомы мүшесі, Еңбекшілер депутаттарының аудандық Кеңесінің депутаты болды. Оның есімі Қазақ КСР-інің құрметті «Алтын кітабына» енгізілген.

Еңбекке екі мәрте берілген құрмет

Төрсатат Қозыбаев – 1885 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. 12 жасынан бастап қой бағып, өмірінің 20 жылын «Коминтерн» колхозында аға шопандыққа арнады. 1947-1948 жылдары ол әр жүз қойдан 124-129 қозы алып, аудан малшылары арасында алдына жан салмады. Екі мәрте Ленин орденімен марапатталуы – оның қажырлы еңбегінің айқын айғағы. Ол 1957 жылы дүниеден өткенше туған өлкесінің өркендеуіне аянбай еңбек етті. Еңбек жолын 1897 жылы шопан болып бастаған ол – 1947 жылы 402 саулықтан 499 қозы алды, яғни, әр қойдан 124 қозы. Қой шаруашылығын өркендетудегі жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығымен Төрсатат Қозыбаевқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріліп, «Ленин ордені», «Орақ пен Балға» алтын медалі тапсырылды.

Үздік шопан Т.Қозыбаев отанымыздың жоғарғы марапатына үздік еңбегімен жауап берді. Ол 1948 жылы 415 бас қойдан 538 қозы (немесе әр жүз қойдан 129 қозы) алып, ауданның малшы қауымы арасында социалистік жарыс жеңімпазы атанды. Ленин орденімен екі рет марапатталған, 1957 жыл қайтыс болды.

Аға шопан – Желдібаев Оралхан

Ленин ордені кавалерлерінің бірі – Желдібаев Оралхан 1945 жылы туған. 1960 жылы жеті жылдықты бітіріп, шопан көмекшісі болып, еңбек жолын бастады. 1963 жылы өз алдына бір отар қой қабылдап алды. Сол жылдан бастап 1983 жылға дейін шопан болып істеді. Осы жиырма жылдық еңбегінде шопан көптеген марапатқа ие болды. Қазақ КСР жоғарғы Советінің «Құрмет грамотасымен», 1976 жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен, 1981 жылы «Ленин» орденімен марапатталды. Қазақстан орталық комитетінің XV съезінің делегаты және съезде орталық комитетке мүше болып сайланды. 1983 жылдан бастап Марқакөл совхозы, Қарашілік бөлімшесінің ферма меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Социалистік Еңбек Ері – Сартық Шоқақов

1888 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Орловка ауылында (қазір Шағанаты) ауылында дүниеге келген. 1930-1957 жж. «Пограничник» колхозында табыншы болды. 1957-1958 жылдары Қаба ет-сүт совхозында жұмыс істеді. 1947 жылы Сартық Шоқақов 59 биеден 59 құлын алып, өсірді. Бұл көрсеткіш қарт табыншыны еліміздің мал шаруашылығы үздіктерінің қатарына шығарды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 шілде Жарлығымен С. Шоқақовқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Ол колхозда істеген соңғы он жылы ішінде жарты мыңнан аса жылқы малын өсіріп, тапсырды.

Қамбар ата түлігін өсірген



Нұратсалық Оекенов – 1916 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Орловка ауылында (қазіргі Шағанаты) дүниеге келген. Шағын ауылдан шыққан кейіпкеріміз Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақатпен елге оралса да, бейбіт еңбекте де батырлық көрсетті. Ол 1948 жылы 144 биеден 142 құлын алып, «Еңбек Ері» атанды.

Еңбек жолын 1932 жылы Катонқарағай ауданының «Үшінші бесжылдық» колхозында бастады. Қоймашы, есепші, бригадир, бақташы жұмыстарын атқарды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943 жылы соғыста ауыр жараланып, елге оралады. 1943-1960 жылдары жылқы фермасына меңгеруші, «Пограничник» колхозында бастықтың орынбасары, кейін совхоз бөлімшесін басқарады. 1960-1961 жылдары аға бақташы болды. Әр жылдары жылқы басын жақсы өсіріп, жаңа көрсеткіштерге қол жеткізді. Жылқы шаруашылығын дамытуда ерен еңбегі үшін 1948 жылы 23 шілдеде Н.Оекеновқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Еңбек Ері ел ертеңіне сенеді

Марқакөл ауданында батырлар шоғырының сарқытындай болған Сабырбек Ақтанов туралы да халық арасында сыйлы әңгімелер көп. Ол кісі бұл құрметті атақты 1990 жылы КСРО-ның соңғы басшысы М.Горбачевтің Жарлығымен алған екен.

Марқакөл ауданындағы жеті батырдың ең соңғысы болып мен осы атақты иелендім, - деген екен әңгімесінде. «Ес білгеннен мал бақтым, баққан малымның күлі болуы үшін жанымды аямай еңбектендім десем, бәзбіреулер ұшқары сөйлеп отыр дей қоймас. Еңбегім жанып, бірнеше бесжылдықтың жеңіміз атандым, баққан малымнан үнемі мол төл алып, жүн жоспарын асыра орындап отырдым», - деп өткен күндерінен естелік қалдырған екен.

Күршімнен Марқакөлге барар даңғыл жолдың бойына орын тепкен «Ырсақ» қыстағы С.Ақтановтың қайнаған еңбегінің, қол жеткізген айтулы табыстарының ордасына айналды. Өмір бойы осы телімде тер төккен Сабырбек ата үшін «Ырсақтан» құтты мекен жоқ. Еңбекқор да тынымсыз жан кеңшардың маңдайалды шопаны атанды. Бірнеше рет әр жүз саулықтан 140-қа дейін қозы алып, топ жарды. 10 жыл қатарынан облыстық, бес жыл аудандық партия бюросының мүшесі болды. 1970 жылы атақты шопанның іс – тәжірибесі бүкіл Шығыс Қазақстан облысы бойынша насихатталған, елшеусіз еңбегі жоғары бағаланған Сабырбек Ақтанұлының кеудесіне «Социалистік Еңбек Ерінің» алтын жұлдызын республика тізгінін жаңа қолға алған Н.Назарбаев өз қолымен таққан екен.

Бүгінгі таңда есімдері ел тарихында алтын еріптермен жазылған бұл азаматтардың бейнесі – отансүйгіштік пен табындылықтың символы. «Еңбек – адамның екінші анасы» дегендей, маңдай терімен келген абырой ешқашан ескірмейді. Біздің міндетіміз – даланың дарабоз ерлерінің өнегелі істерін дәріптеп, олар қалаған еңбек дәстүрін лайықты жалғастыру. Марқакөл мақтанштарының есімі ел жадында мәңгі сақталады!

Дайындаған: Валентина Георгиевна

Хабарландыру

"Раисова П. Т." ЖК 25.08.2026 жылы сағат 11:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл а. о., Марқакөл ауылы, крахмал кешесі, 67, өкімдік ғимараты мекенжайы бойынша "Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында орналасқан Алексеев құм-қиыршық тас қоспасының кен орнында тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында орналасқан".

Бастамашысы: "Раисова п.т." ЖК, БСН 770731401791, мекен-жайы: Қазақстан, Алматы, 8 шағынаудан, 55А үй, кв/кеңсе 27. Жетекшісі Раисова П. Т.

Өзірлеуші: ЖК Дробот М. В., Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел.: +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен" Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" ақпараттық жүйесінде танысуға болады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде, сондай-ақ "Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Zoom конференциясына қосылыңыз <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWVJGRa3.1&omn=75717762533>. конференция идентификаторы: 347 082 8229. Кіру коды: 123456.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде немесе электрондық поштаға d.babakanova@akimvko.gov.kz. қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады borohova2014@mail.ru және 8-778-741-91-51 телефонны бойынша.

Географиялық координаттары: 48 19 00 с.е., 85 36 00 ш. б.

Хабарландыру

"Раисова П. Т." ЖК 25.08.2026 жылы сағат 15:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл а. о., Марқакөл ауылы, крахмал кешесі, 67, өкімдік ғимараты мекенжайы бойынша "Алексеев құм-қиыршық тас кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына рұқсат беру құжаттамасы" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында орналасқан".

Бастамашысы: "Раисова п.т." ЖК, БСН 770731401791, мекен-жайы: Қазақстан, Алматы, 8 шағынаудан, 55А үй, кв/кеңсе 27. Жетекшісі Раисова П. Т.

Өзірлеуші: ЖК Дробот М. В., Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел.: +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен" Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" ақпараттық жүйесінде танысуға болады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде, сондай-ақ "Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Zoom конференциясына қосылыңыз <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWVJGRa3.1&omn=78269872184>. конференция идентификаторы: 347 082 8229. Кіру коды: 123456.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде немесе электрондық поштаға d.babakanova@akimvko.gov.kz. қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады borohova2014@mail.ru және 8-778-741-91-51 телефонны бойынша.

Географиялық координаттары: 48 19 00 с.е., 85 36 00 ш. б.

Объявление

ИП «Раисова П.Т.» сообщает, что 25.08.2026 года в 11:00 по адресу Восточно-Казахстанская область, Маркакольский район, Маркакольский с.о., с. Маркаколь, улица Крахмала, 67, здание акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ на Алексеевском месторождении песчано-гравийной смеси, расположенном в Маркакольском районе Восточно-Казахстанской области».

Инициатор: ИП "Раисова П.Т.", БИН 770731401791, адрес: Казахстан, Алматы, МИКРОРАЙОН 8, дом 55А, кв/офис 27. Руководитель Раисова П.Т.

Разработчик: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел.: +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться в Информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте Местного Исполнительного Органа «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Подключиться к конференции Zoom <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWVJGRa3.1&omn=75717762533>. Идентификатор конференции: 347 082 8229. Код доступа: 123456.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания» или на электронную почту d.babakanova@akimvko.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по адресу borohova2014@mail.ru и по телефону 8-778-741-91-51.

Географические координаты: 48 19 00 с.ш, 85 36 00 в.д.

Объявление

ИП «Раисова П.Т.» сообщает, что 25.08.2026 года в 15:00 по адресу Восточно-Казахстанская область, Маркакольский район, Маркакольский с.о., с. Маркаколь, улица Крахмала, 67, здание акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Разрешительная документация к Плану горных работ на Алексеевском месторождении песчано-гравийной смеси, расположенном в Маркакольском районе Восточно-Казахстанской области».

Инициатор: ИП "Раисова П.Т.", БИН 770731401791, адрес: Казахстан, Алматы, МИКРОРАЙОН 8, дом 55А, кв/офис 27. Руководитель Раисова П.Т.

Разработчик: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел.: +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться в Информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте Местного Исполнительного Органа «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Подключиться к конференции Zoom <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWVJGRa3.1&omn=78269872184>. Идентификатор конференции: 347 082 8229. Код доступа: 123456.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания» или на электронную почту d.babakanova@akimvko.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по адресу borohova2014@mail.ru и по телефону 8-778-741-91-51.

Географические координаты: 48 19 00 с.ш, 85 36 00 в.д.

МАМАНДЫҚ МАҢЫЗЫ

Ауыл шаруашылығы – стратегиялық сала

Мамандық таңдау – көп адамдар үшін қиын шешім. Әсіресе мектеп бітірер кезде болашаққа әсер ететін маңызды қадам болғандықтан, әрбір түлектің уайымдауы қалыпты жағдай. Мамандық таңдау – адамның болашақтағы кәсіби жолын ғана емес, бүкіл өмір бағытын айқындайтын аса маңызды шешім. Әр адам белгілі бір кезеңде «Қандай маман боламын?», «Қай жолды таңдасам дұрыс?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл – жай ғана оқу орнын немесе қызмет түрін таңдау емес, мамандық таңдау, өз тағдырыңа бағыт беру.

Мамандық арқылы адам өз қабілетін танып, дарынын ашады. Егер таңдалған мамандық, жүрекке жақын болса, еңбек ету ауыр міндет емес, керісінше, шабыт көзіне айналады. Өз мамандығын, сүйген адам үнемі ізденісте болады, білімін толықтырады, кәсіби тұрғыда дамиды. Соның нәтижесінде ол тек материалдық табысқа жетіп қана қоймай, рухани қанағат сезімін де байыта алады. Сонымен қатар, мамандық адамның өмір салтына және ортасына да әсер етеді. Әр мамандықтың өз ортасы, өз құндылықтары және өзіндік талаптары бар. Адам сол ортада өсіп, тұлға ретінде қалыптасады. Дұрыс таңдалған мамандық адамның қоғамдағы орнын айқындап, өзіне деген сенімділігін арттырады.

Ауыл шаруашылығы – еліміздің экономикалық тірегі, халықтың әл-ауқаты мен азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі. Қазақстан кең байтақ жері мен табиғи ресурстары арқылы, аграрлық салада үлкен мүмкіншіліктері бар. Сондықтан ауыл шаруашылық мамандықтары, мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие.

Ауыл шаруашылық саласында көптеген мамандықтар бар. Мысалы, мал дәрігері – төрт түліктің денсаулығын сақтап, өнім сапасын арттырады; зоотехник – мал тұқымын асылдандырып, өнімділікті көтереді; агроинженер – ауыл шаруашылығы техникаларын тиімді пайдаланып, өндірісті жеңілдетеді; су ресурстарын басқару – су тұтыну және су тарату мөлшерін, гидрологиялық режимді бақылау және оларды тиімді пайдалану; агробизнес маманы – өнімді нарыққа шығарып, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді. Осындай мамандардың барлығы бірігіп, Елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады.

Еліміз аграрлы мемлекет болған соң, мен өзімнің сүйікті мамандығым «агрономия» жайлы кеңінен тоқталмақпын және «агроном» мамандығын қалай таңдағаным жайлы айта кеткенді жөн көрдім. Кәсіби бағдарымның қалыптасуы, сонау, мектеп кезеңінен бастау алады. Бала кезімде орман шаруашылығы саласына ерекше қызығушылық танытып, табиғатпен тығыз байланысты мамандықты таңдауды мақсат



еттім. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, орман экожүйелерін сақтау және қалпына келтіру мәселелері сол кезеңнен бастап менің танымдық қызығушылығымның өзегіне айналды. Алайда, 6 сыныпта оқып жүрген кезімде мектебімізде ұйымдастырылған оқу-тәжірибелік бақша, менің кәсіби бағытыма елеулі ықпал етті. Жазғы кезеңде осы бақшада жүргізілген практикалық жұмыстарға белсенді қатысу барысында мен өсімдік өсіру технологияларының негіздерімен, топырақ өңдеу, суару, күтім жасау сияқты агротехникалық тәсілдермен, сол кезде еңбек еткен, бүгінде арамызда жоқ, Қабден, Тұрсынхан ағайлардың ұйымдастырушылығының

арқасында, тікелей таныстым. Бұл тәжірибе теориялық білім мен практиканың өзара байланысын терең түсінуге мүмкіндік берді. Аталған тәжірибелік жұмыстар барысында өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін факторларды бақылау, олардың өнімділігін арттыру жолдарын іздестіру мені ерекше қызықтырды. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу және жоғары өнім алуға бағытталған ғылыми тәсілдерге деген қызығушылығым арта түсті.

Осылайша, бастапқыда орман шаруашылығына бағытталған қызығушылығым біртіндеп агрономия саласына ойысты. Қазіргі таңда агроном мамандығын таңдауым – сол мектеп қабырғасындағы алғашқы тәжірибелер мен табиғатқа деген қызығушылықтың логикалық жалғасы болып табылады. Бұл бағытта мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, дақылдардың өнімділігі мен сапасын жақсарту, сондай-ақ экологиялық тұрғыдан тұрақты агротехнологияларды дамытуға үлес қосуды мақсат етіп келемін.

Яғни, агроном – жердің құнарын сақтап, дақылдардың өнімділігін арттыратын, егін шаруашылығын ғылыми негізде ұйымдастыратын маман. Ол топырақ құрамын зерттеп, тұқым таңдап, тыңайтқыш мөлшерін анықтап, заманауи технологияларды қолданады. Бүгінде климаттың өзгеруі мен су ресурстарының азаюы жағдайында агрономдардың рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсуде.

Қазақстан астық өндіруден әлемге танымал мемлекет. Әсіресе солтүстік өңірлерде бидай шаруашылығы жақсы дамыған. Бұл жетістіктің артында білімді агрономдардың еңбегі жатыр. Олар ғылыми жаңалықтарды тәжірибемен ұштастырып, мол өнім алуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылық мамандықтары – ел дамуының негізі саласы. Ал, агрономия – сол саланың жүрегі десем болады. Жерді қадірлеп, оны тиімді пайдалана білетін агрономдар – еліміздің болашағын қамтамасыз ететін маңызды тұлғалар деп ойлаймын.

Егер сіз өзіңіздің барлық қабілеттеріңізді ашуға, жарқын тұлға болуға және өмірлік ұстанымыңызды іске асыруға ұмтыласыз, сізді Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті күтеді!

Мамандық таңдау – үлкен жауапкершілік. Сондықтан сіз өз мамандығыңызды дұрыс таңдағаныңызды қалаймыз. Сіздерді біздің университетте оқуға шақырамын және болашақта жоғары білікті маман ретінде Қазақстан экономикасының дамуына, атап айтқанда, еліміздің АӨК дамуына үлес қосуыңызға тілектестік білдіремін.

Б.Р.Сайкенов,

«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасының қауым. профессоры, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, Қалжыр орта мектебінің 1984 жылғы түлегі

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Боранда ер есімін ұлықтаған турнир өтті

шынайы үлгісі.

Еске алу турнирі салтанатты түрде ашылып, оған батырдың туыстары, ауыл ақсақалдары және жас спортшылар қатысты. Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген ұстаздар мен қонақтар Ерзаттың жарқын бейнесі ешқашан өшпейтінін, мұндай жарыстардың жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі маңызы зор екенін атап өтті.

Бүгін біз тек спорттық шара үшін емес, еліміздің айбынды ұлы, Боран ауылының мақтанышы – капитан Карменов Ерзат Қинаятолдаұлының жарқын бейнесіне тағзым ету үшін жиналып отырмыз. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында осындай игі шараның өтуі өте символдық мәнге ие. Ерзат бауырымыз қысқа, бірақ мазмұнды ғұмыр кешті. Ол Отан алдындағы антына адал болып, әскери қызметтің қиындығы мен жауапкершілігін мойнымен көтере білді. Офицерлік намысты биік ұстап, капитан шеніне дейін көтерілуі – оның еңбекқорлығы мен патриоттық сезімінің көрінісі. «Ер есімі – ел есінде» дейді дана халқымыз. Ерзаттың есімі туған жері Марқакөлдің тарихында, өзі білім алған осы алтын ұя мектебінің шежіресінде алтын әріптермен жазылып қалады. Бүгінгі алаңда доп теуіп жатқан жасөспірімдер Ерзат ағаларының ерлігіне, қайсарлығына қарап бой түзейді деп сенемін, – деп атап өтті аудан әкімі Р.Кемешев.

Жарыс соңында жеңімпаз командалар марапатталып, Ерзат Қинаятолдаұлының рухына тағзым етілді. Бұл турнир тек спорттық бәсеке емес, сонымен қатар ел үшін жанын қиған ерлердің рухына деген құрметтің айрықша белгісі болды.

Валентина Свириденко

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті аудан тұрғындары және газетіміздің тұрақты оқырмандары! Ауданымыздың айнасы «Марқакөл таңы» газетіне 2026 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды және баспасөзге жазылу «Казпочта» бөлімшелері арқылы жүргізілуде. «Казпочта» жұмыс істемейтін ауылдарда газетке әкімшілік (жастар маманы) және мектеп кітапханашылары арқылы немесе редакция арқылы да жазылуға мүмкіндік бар. Баспасөзге жазылып, төл газетімізді қолдауларыңызды сұраймыз.

Байланыс телефондары:

87758060700, 87002935683

Жарты жылға жазылу бағасы жеке тұлғалар үшін - 3683 тг. Индексі: - 19132

Мекеме, ұйымдар мен заңды тұлғалар үшін - 3827 тг. Индексі: - 19133



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай, Боран ауылында игі іс-шара ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары мен азаматтары ел мақтанышы – капитан Карменов Ерзат Қинаятолдаұлын еске алуға арналған кіші футболдан турнир өткізді.

Ерзат Қинаятолдаұлы – өз өмірін Отан қызметіне арнаған нағыз офицердің үлгісі болып ел есінде қалды. Ол Шығыс Қазақстанның Марқакөл өңірінде туып-өскен. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде абыройлы қызмет етіп, капитан шеніне дейін көтерілді. Өзінің кәсібилігімен және отансүйгіштігімен әріптестері арасында да зор беделге ие болған. Ерзатты жақындары мен ұстаздары ақжарқын, еңбекқор және әділ адам ретінде еске алады. Ол мектеп қабырғасында жүргенде-ақ спортқа беіім, көшбасшылық қабілетімен дараланған түлектердің бірі еді. Оның ерлігі мен жарқын бейнесі бүгінгі жас ұрпақ үшін – Отанға қызмет етудің

«Марқакөл таңы» газеті
Меншік иесі:
«Altai Media» ЖШС

Бас редактор: Свириденко
Валентина Георгиевна
8 - 7002935683

«Марқакөл таңы»
газетінің тілшілер қосыны:

8 - 7002935683
8 - 7002321050

Газетке Қазақстан
Республикасы ақпарат және
Қоғамдық даму министрілігінің
Ақпарат комитетінде 19.12.2024
жылы қайта есепке қою туралы
тіркеу №KZ11VPY00108277 куәлігі
берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Шығыс Қазақстан облысы,
Марқакөл ауданы,
Марқакөл ауылы,
Крахмаль көшесі, 59-үй.
tanu.markaol@gmail.ru

Жарнама қабылдау телефоны:
8 - 7002935683

Хаттар мен қолжазбалар
қайтарылмайды. Жарияланған
материалдарда айтылған пікір
редакцияның пікірімен сәйкес
келмеуі мүмкін.

Жарнаманың дұрыстығына
жарнама беруші жауапты.